

Мазмұны

Кіріспе	2
I. Негізгі бөлім	
1.1. Жасөспірімдер Достық қарым – қатынастар.	5
1.2. Жасөспірімдер жасындағы ерекшеліктер.	7
1.3 Қарым-қатынас механизмдері.....	8
1.4. Достық қарым – қатынастар, достық тәрбиесі жайлы түсініктер.	17
II. Жеткіншек жасындағылардың психикалық дамуы	
2.1. Жеткіншек жасындағылардың психикалық дамуы.....	21
2.2. Бақылау, сауалнама қорытындылары.....	28
III. Қорытынды.....	30
Қолданылған әдебиеттер тізімі.....	31

Кіріспе

Зерттеу тақырыбының өзектілігі:

Бұл тақырыпты алған себебім, балаларды кішкентай кезінен дұрыс тәрбиелеу және дамыту қазіргі таңдағы басты мақсаттардың бірі. Бұрынғы кездегі тәрбиемен сабақтастыра отырып, тәрбиемен дамуды жүзеге асыру.

1. Тақырып біріншіден, қызықты. Өйткені, балалардың достығы мен қарым – қатынасы әр түрлі деңгейде болады және өте күрделі процесс.
2. Ұлы ойшылдардың достық және тәрбие туралы айтқан ойларына тоқтала отырып, жан-жақтылығына көңіл бөлу, даму мен тәрбиенің негізіне тоқтала отырып, практикада қолдану зерттеу жұмысын жүргізіу.
3. Халық педагогикасының бала дамуы мен тәрбиесінде алатын орны өте маңызды, өйткені Бала ертегіні оқи отырып қиялым дамытса, Бағдырлар жырын оқып, оған қызығып, өзінің сондай ержүрек Боддам деген сенімділігі артады.
4. Ата-ананың, мектептің, қоғалың бала тәрбиесі мен дамуындағы алатын бір-бірі мен байланыстыру, теориялық және практикалық түрде дәлелдеу және зерттеу.
5. Мемлекеттік практикада ауыл мектептеріндегі оқушылардың достығын зерттеп, қала Баласының дамуымен және тәрбиесімен, олардың арасындағы достық қарым - қатынасты салыстыру. Яғни екеуінің дамуы мен тәрбиесін салыстыра отырып, ғылыми тұрғыда дәлелдеп, қорытындылау. Бұл жерде зерттелуші сыныптағы оқушылардың достық қарым – қатынас ерекшеліктерін өздерінің жас ерекшеліктері тұрғысынан дәлелдеу.

Жұмыстың мағыланы жаңалығы:

Өз даму деңгейінде жеке тұлғаның тәрбиесі мен дамуына қоршаған ортаның әсерімен қатар достық қарым – қатынастың да зор рөл атқаратынын, баланың өз даму белсенділігін көрсетуі тәрбиені дұрыс жолға қойғанда жан-жақты дамыған және тәрбиелі, досына адал, ұлтжанды азамат өсіп шығады.

Зерттелетін тақырып: Жасөспірімдер. Достық қарым-қатынастар

Зерттеу жұмысының мақсаты:

Даму және тәрбие ұғымдары мен қатар жасөспірімдік шақтағы достық және қарым – қатынас ерекшеліктерін анықтай және дәлелдей отырып, бала өміріне тигізетін әсерінің мәнін ашу. Сабақтарда және сабақтан тыс жұмыстар арқылы жеке тұлғаның дамуына жол ашу, достықтарының берік және мәңгі болуларына жағдай жасай отырып, достықтың өмірдегі мәнін түсіндіру.

Ғылым болжамы:

Бұл күрделі тақырып, әйткені бұрынғы кездегі оқушылардың достығын тәрбие мен дамудан анықтамайтын болса, қазіргі кездегі оқушылардың достығы даму және тәрбиенің әсерінен кейде өзгеріске ұшырап тұратын ерекшеліктері бар. Осының бәрін қарастыра отырып, айтылған сипар тәрбие мен дамуға байланысты және халықтық педагогикаға сүйене зерттеу жүргізілгенде ғана ғылыми тұрғыда дәлелденеді және өз мақсатына жетеді.

Зерттеу жұмысының міндеттері:

- жасөспірім, достық, қарым-қатынас ұғымдарының мәнін анықтау;
- жеткіншек жасындағылардың психикалық дамуының әсерін дәлелдеу;
- сабақтарда халықтық педагогика тәжірибесіне сүйене отырып зерттеу жұмысын жүргізу;
- бақылау және сауалнамалық әдістерін жүргізу.

Зерттеу пәні:

Бастауыш сынып сабақтарында және сыныптан тыс сабақтарында

Зерттеу нысаны:

Мектеп жасындағы оқушылардың дамуы және тәрбиесін анықтай отырып, жасөспірімдердің достық қарым – қатынастарына зерттеу жұмыстарын жүргізу.

Зерттеу жұмысының нәтижелілігі

Бұл курстық жұмыс 3 бөлімнен тұрады: бірінші бөлімде жасөспірімдер, достық қарым – қатынастар, жасөспірімдер жасындағы ерекшеліктер теориялық тұрғыдан жазылды, достық қарым – қатынастар, достық тәрбиесі жайлы түсініктер берілді, екінші бөлімде жеткіншек жасындағылардың психикалық дамуына тоқталдым, сондай-ақ кірісте, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімі берілді.

Мұнда зерттеу жұмысының бақылау және сауалнама арқылы жүргізілген іс-әрекеттің нәтижесі жайлы жазылды.

Зерттеу жұмысының практикалық бөлімінің маңыздылығы:

Қорытындылай келе, жалпылық педагогика тәлім-тәрбиесіне сүйене отырып, сондай-ақ жеке адамның жеткіншек жасындағы психикалық дамуына, олардың достығының дамуына қоршаға ортаның, баланың өз даму белсенділігінің анықталуы. Сондай-ақ, оқыта отырып, оқушы бойына адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру және сабақтарында оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы, тәрбие жұмыстары арқылы достықтарын нығайту.

I. Негізгі бөлім

1.1. Жасөспірімдер. Достық қарым – қатынастар.

Жасөспірім 10 және 15 жас аралығындағы жеткіншек Жасөспірім кезеңінде адамда жан қуатының сапалық жаңа құрылымдары (жыныс мүшелерінің жетілуі, сана-сезімнің артуы, айналасымен қарым-қатынасының жаңа мазмұнға ие бола бастауы, іс-әрекетінің күрделене түсуі, моральдық-этикалық түсініктер және т.б.) қалыптасады. Бұл кезде жасөспірім дербестікке ұмтылып, әсерге берілгіш келеді. Жасөспірім кезінде дұрыс тәрбиеленбесе бала теріс қылықтарға (тәмекі тарту, ішімдік ішу, дөрекі, әдепсіз болу және т.б.) салынуы мүмкін. Сондықтан жасөспірім кезеңінде олардың психикалық ерекшеліктерімен санасып, әр түрлі қоғамдық пайдалы жұмысқа (оқу, спорт, еңбек) қатыстырып отыру керек.

Достық – адамға, табиғатқа, жан-жануарларға көрсетілетін ізгі іс-әрекет. Досқа көрсетілетін нәтижелерді өтеудің белгісі.

Қарым-қатынас – біріккен іс-әрекет қажеттілігін туғызатын, адамдар арасындағы байланыстың дамуын орнататын күрделі көп жоспарлы процесс. Адамдардың танымдық хабарлар алмасуы, өзара түсінісуі, бір-бірін қабылдауы. Қарым-қатынастың үш жағы бар – интерактивті, коммуникативті, перцептивті. Қарым-қатынас деңгейлері – мезо, макро, микро, стандартты, шаблонды, жабайы, рухани, іскер, ойын, т.б. Қарым-қатынас түрлері - әлеуметтік бағдарлаушы, жеке бастық бағдарлаушы, топтық, топаралық және т.б.

Қарым-қатынас туралы жалпы түсінік

Топ ұжым мүшелерінің көпшілігі бір-бірімен өзара жарасымды қарым-қатынаста болады. Мәселен, біреудің басқалардан гөрі жиі кездесетін, ұнататын адамы болады. Ондай адамдар бір-бірімен мүдделес, ортақ істері бар, әңгімелері үшін де жарасып жатады. Көпшілік адамдарда мұндай дос-жаран онша көп болмайды (3-5 адам). Ұжым ішінде мұндай шағын топтардың болуына қарамастан, ол өзінің бірлігін сақтап, бірін-ай бірлестік ретінде өмір сүре береді. Кейбір адамдар ешкіммен жеке қатынасқа түспейді, ұжымнан өзіне серік таба алмайды. Алайда мұндай адам топқа қажетсіз деген ұғым тұмайды.

Ол да іске қызу араласады, өзі қалап алған міндетті жақсы атқарады. Оның басқалармен қарым-қатынасы қауымдастықтан тыс жерде болады. Мәселен, шәкірт өзімен бір үйде тұратын, не басқа класта, басқа мектепте оқитын балалармен қарым-қатынасқа түседі. Топта жұрт жек көретін, маңайларына жуытқысы келмейтін адамдар да кездесуі мүмкін, мұндайда өзгелер оған жоламай, одан іргесін аулақ салуға тырысады. Топ ішінде осындай адамдардан бейтараптық сақтайтын, онымен қарым-қатынас жасаудан қашпайтын адамдар да болады. Психологтар кейбір оқушылардың өзгелермен араласпай оқшау жүруі, сондай-ақ топтағылардың оларды жатырқап, жолатпау себептерін зерттегенде оқшауланған балалардың сабаққа белгісіздігі анықталған. Оқшауды сүйетіндер сабақты нашар оқиды, үлгірімін жақсарту үшін тіптен талаптанбайды. Осы жағдай кластастарынан оған деген немқұрайдылықты туғызады. Мұндайлар үлгілінің жетістіктері мен кемшіліктеріне қуанбайды, не ренжімейді, кластың сабақ үлгірлі оларды мазасыздандырмайды. Олар үшін оқу еш қызығы жоқ, азабы мол жұмыс қана. Оқшау қалудың екінші бір себебі – олардың қарым-қатынас жасауға шорқақтығынан да болуы мүмкін. Олар өз бетімен достасуды қаламайды, бойын аулақ салып жүреді. Осындай жағдайға жас мөлшерінің айырмашылығы да, тұйықтығы да себеп болады. Құрбы-құрдастары олармен бірге ойнаудың, кездесудің еш қызығы жоқ деп санайды. Кластың абырой атағына ортақтаспаған оқушыларда этностік қасиеттер қалыптаса бастайды... Топта ортақ іске қатысқысы келетіндердің бірқатары оны қалай жүзеге асыруды біле бермейді. Мұндайлар көбінесе мақтаншақ, ұрыншақ келеді, көп сөйлеп мағаны ала беретін болады.

Топ ішінде кейбіреулерге қадірі бар оқушылар да кездеседі. Олар үнемі көтеріңкі көңілде, ишкіре өздеріне сеніммен жүріп-тұрады. Бұлар өз жағдайын бағалай алмай тек 2-3 адамның қолдайтынына ғана келіп сенеді, одан артықты қажет етпейді де. Өзіне-өзі сенімділігі онда тоқмайтуу сезімін тудырады. Сыртта қалғандар тобына өз мүмкіндіктерін асыра бағалайтын нақтылы істен гөрі тек өз беделін қастерлейтін оқушыларды да жатқызуға болады. Оларда ниет пен шындық (ниеті басымырақ) жағы алшақ жатады. Мұндай оқушылар

топтан қол-қолтық араласқал жетуге әрекет жасап көреді, бірақ мұның мүлкін еместігіне көзі жеткесін оржылнан кетіп, өзімен есептесетін басқа топты табуға тырысады, кейде олар өздері оқитын мектептен шығып кетуге де мәжбүр болады.

1.2. Жасөспірімдер жасындағы ерекшеліктер

Жеткіншек шақта балалардың бойының ұзындығы 134-155 сантиметр, денесі тез өседі, бұлшық еттері жетіліп дене қаңқасында сүйектену процесі жүреді. Бұл жастағы балаларды кейде өткінші кезеңдегі (бұл кезеңнің барысында баланың бастауыш мектеп шағынан жеткіншек шаққа көшу болады) немесе қиын жастағы балалар деп атаудың өзі де кездейсоқтық емес. Өйткені Н.К.Крупская бұл ең тынышсыз, ең қиын, ең қызба (ұшқалақ) жас деп аралп көрсетті.

Бұл жастағы балалардың ішкі дүниесінде, айналамен қарым-қатынас жасауында, үлкейдер арасында өзінің алатын орнын түсінуде елеулі өзгерістер байқалады. Организмнің тез дамуы – қаңқаның сүйектену процесінің нығаюы, жыныс мүшесінің жетіле бастауы (ер баланың жыныс мүшесі 15-16 жаста, қыз баланыкі 13-14 жаста жетіле бастайды), сананың дамуы баланың тәуелсіз өз бетімен талаптануын тудырады. Олар үйелменде, мектепте түрлі еңбек процесіне қатысады, күнделік өмірді бақылайды, ой-өрісі кеңейді. Міне, осылардың негізінде бала өзін-өзі бітілді, тәжірибелі, өз күшімен әрекет жасай алатын есейген адаммын деп есептейді. Мысалы, Ұлы Отан соғысы жылдарында мен ер жеттім, естір адам болды, мені майданға жіберіңіз деп қалалық комсомол комитеттері мен соғыс комиссариаттарына арыз, өтініш жасаған балалар да аз болған жоқ. Әрине бұл жағдайда балалардың өзінің мүмкіншіліктеріне сып көзімен қарамай асығыс шешім қабырлап, соны орындауға талаптанғанын көрсетеді. Сонымен бірге жаумен жүресудің өте қажет екендігін түсіне білген балалардың бойын патриоттық сезім билеген деп айтысақ артық болмайды.

Жеткіншектік жастағы балалар намысқор болады. Үлкендердің бақылауын сүймейді, тәжімшілік шаралармен жекіріп сөйлеуді ұнатпайды. Сондықтан олар бұл жағдайда үлкендердің озбырлық жасауы деп түсінеді де, өздерінше абыржып, наразылық білдіреді. Үлкендерге байланып, олардың мінезіндегі шындық пен жалғандықты байқауға тырысады. Сөйтіп, үлкендер мен балалардың қатынасында түсініспеушілік, салқындық туады.

Балалардың үлкендер жайлы көзқарасын біржақты түсініп қана қоюға болмайды. Балалар өнегелі адамдардың, өндіріс озаттарының тамаша іс-әрекеттеріне масаттанады, тәжім етеді. Мысалы, балалар Отан соғысы мен еңбек ерлері, космонавты, спортшы, ғылым мен кәсіпкерлер қайраткерлері жайлы сөз етеді, олардың ерлік істері мен табыстарына бас иіп, еліктейді. Осы тұрғыдан балалардың мінез-құлқын тәрбиелеу, ықыласы мен қабілетін дамыту, мұқтаждары мен тілектерін қамтамасыз ету дұрыс педагогикалық шарға негізделу қажет.

Бұл жастағы балаларға болыпты ықпал жасайтын мектептегі балалар ұйымдары. Осы ұйымдастың көмегімен балалардың қоғамдық белсенділіктері дамиды, ой-өрісі кеңиді, өздерінің жауапкершіліктеріне түсініп, терең білім алуға талаптанады.

Жеткіншектік кезеңінде балалардың кейбір ерекшеліктерін есепке алып, тәрбие ұлғысын тиімді етіп ұйымдастырған жөн. Олар: организм мүшелерінің тез жетіле бастауы; үлкендермен қарым-қатынас; мүлкіншіліктерін ескермей, ойланбай асығыс шешім қабылдау; қоғамға пайдалы істерге ықыласты; ұжымшылық, жолдастық, достық сезім нығайта; кітап оқуға, кинофильмдерді көруге ынталы, спортты ұнатады, т.б.

1.3. Қарым-қатынас механизмдері

Сырттан және ішкерлік

“Қалғанда жеке тұлға өзіне сәйкес ыңғайлы орта іздейді.” Адамның өзгелермен қарым-қатынаста болу қажеттілігіне сәйкес басқа адамдармен жақындасуға мүдделі. Мұндай қажеттілік адам өмірге келісімен бір-екі айдан

кейін басталады. Содан бастап адам симпатия мен антипатия объектісі және субъектісіне айналады. Симпатия деп объектіге қатысты эмоционалды жағымды бағдарды атайды. Өзара симпатияда эмоционалды жағымды бағдарлар түгел боліпшілік өзара қатынас қанағаттанушылық жағдайын құрады.

Іңкәрлік, тұлғааралық тартымдылықтың құрамды бөлігі, адамның анық өзге адаммен бірге болу, жанында болу қажеттілігіне байланысты. Іңкәрлік көп жағдайда сол сәттегі орын алған симпатияға байланысты болады (әрекеттестіктің эмоционалды компоненті). Айқын симпатия тудырмайтын тұлғаға іңкәрлік сирегірек кездеседі. Сонымен симпатия мен іңкәрлік кейде бір-біріне тәуелсіз көрініс беруі мүмкін. Егер олар өзінің жоғарғы мәнімен сәйкестікке жетіп, субъектілерді өзара қарым-қатынас жағдайында байланыстыра алса, онда тұлғааралық тартымдылыққа қажетті деп түсіну керек. Тұлғааралық тартымдылық субъект арасында тұрақты байланыстарға қол жеткізіп, біртіндеп бір-біріне жіпсіз байлануға көшеді (субъекті екі өзара тәуелділік). Тұлғааралық бір-біріне жіпсіз байлану тұлғаның мотивациялық құрылымдарын қосуды болжайды. Тұлғааралық тартымдылықтың жіпсіз байлануға көшуі адамдардың өзара қарым-қатынастарының мотивтерін өзгертеді. Субъектілердің белгілі бір өзара қарым-қатынасқа түсу қиындарлығы жеткілікті тұрақтылыққа дайын болғанда, онда тұлғааралық қарым-қатынастың анық бір түрі: таныстық, жолдастық, достық, ерлі-зайыптылық туралы айтуға болады. [3]

Тұлғааралық қатынастар типтерінің мотивациялық құрылымы әртүрлі болуы мүмкін.

Таныстық қатынастар қысқа мерзімді қарым-қатынас жақындағаннан туындап, достық қарым-қатынасқа көшпей ұзақ уақыт сақталуы мүмкін. Тұлғааралық жолдастық қарым-қатынастардың пайда болуы оның әрі қарай дамуы бірге іс-әрекет мазмұнының әсерінен ынтымақтастық мотивтері арқылы анықталады. Тұлғааралық жолдастық қарым –қатынастар пайда болуы және олардың әрі қарай дамуы бірлескен әрекеттің мазмұнының әсерінен қалыптасып, қол ұшын беру мотивтерімен анықталады. Тұлғааралық

жолдастық қарым-қатынастар ассоциация және кооперация сияқты топтарда қалыптасады. Бұл тұлғааралық қатынастың мотивациялық құрылымы бірлескен іс - әрекеттің мазмұнының әрбір қатысушының өзара байланысының тұлғалық мәнділігімен анықталады (соның ішінде мақсат, міндеттер, т.б.)

Сыйымдылықтың салдары ретінде бірлескен іс-әрекеттің ойдағыдай болуы немесе ойдан шықпауы өзара байланыс пен тұлғааралық жолдастық қатынастардың мотивациялық құрылымын әлсіретуі немесе күшейтуі мүмкін. Тұлғааралық жолдастық қатынастар коллективте өзінің шырқау шегіне жетуі, яғни “топтық іс-әрекеттің мазмұны қрамдық бағалы және тұлғалық мәнді-тұлғааралық қарым-қатынастарға біріктіріліп жалпыланады”.

Достық және ерлі-зайыпты тұлғааралық қатынастар таныстық қатынастар сияқты пайда болып, бірақ даму барысында тұлғааралық тартымдылыққа, яғни өзара жіпсіз байланысуға айналасады. Достық және ерлі-зайыптылық қатынастарының мотивациялық құрылымы “шындықта да және ойда да бірге болу қажеттілігіне айналады. Бұл жағдайда тартымдылық өз ерекшелігін сақтай отырып күрделірек мотивациялық құрылымға айналады. [10]

Топтардың бірлесіп ұйымдастыруын қарастырғанда жеке тұлғаның жалпы топтық параметрлерге: міндеттері, жоспары және қарым-қатынас нормаларына әсері байқалады. Бұл жағдайда топтың өзі тұлғааралық қатынастарды белсенді қалыптастырады. Өзара қатынастардың қатаң бағдармасының болмауы жеке тұлғаның ерекшеліктерінің көбінен ашылуына мүмкіндік береді; мұның өзі тұлғааралық қатынастарды реттеп отырады. Екі адамның сыйымдылығын нәтижесінде тұрақты дидактикалық байланыстар орнату тұлғааралық іңкәрлік немесе итерушілік, симпатия-антипатия өзгеше мәнге ие болады. Сонымен қатар іңкәрлік-итерушілік тығыз топтасуға себептер болады, бұл, әсіресе, топтағы қанды бағдарлау бірлігі бар болғанда, сонымен қатар біркелі қызығушылық әдеттер бар болғанда айқын сезіледі.

Тұлғааралық іңкәрлік-итерушілік, симпатия-антипатияны екі адамның белгілі бір жағдайдағы өзара әрекетінің сыйымдылығы немесе сыйыспаушылығының шарты және нәтижесі деп қарастыруға болады. Осыған

байланысты А.Л. Свенцицкийден кейін А.И. Вендов өзара таңдау санын топ мүшелерінің психофизиологиялық және әлеуметтік-психологиялық сыйысымдылығын бағалаудың критерийінің бірі деп жазды. Топтардың экипаж команданың істерінің табысты болмауы оның мүшелерінің бірін-бірі қабылдамауының, ал керісінше бір-біріне симпатия бар құрылымда кез-келген істің нәтижелі және қызықты, тындырымды болуы тәжірибеде, өмірде жиі кездесетіні анық. Тұлғааралық іңкәрлік-игерушілік, симпатия-антипатия механизмдерін зерттеу бұл тек теориялық мәселе емес, практикалық қызығушылықтан туындайды. Өзара таңдау немесе қабылдамау сыртқы шарттар мен нұсқаулар арқылы болмайтын болса, екі адамды бір-біріне іңкәр ететін, немесе бір-бірін көргісі келмейтін жағдайға жеткізетін, симпатия-антипатия туғызатын не көрсетсе, ол неге байланысты деген сұрақ туады.

Дәл қазір тұлғааралық іңкәрлікті зерттеуде екі бағыт бар: біреуі адамдардың бір-біріне ұжастығы жана тұрақты симпатия пайда болу шарттарының ұжастығының алғашқыда мәні зор десе, екіншісі өзара бірін-бірі толықтыру тұлғааралық қатынастарды анықтауда негізі болып табылады дейді. [4]

Бірлескен еселену жағдайындағы эмпатия

Кезкелген адамның күйзелісі өзге адамдар жағынан ескерусіз қалмайды, бұл адам болмысының өзара түсінік, күйзеліске ортақтасу, алушылық, жанашарлық, демеушілік көрсету, өзара көмек сияқты негізгі қасиеттерін көрсетеді. Бұларсыз тек ұжымдық қана емес, онымен қатар жеке бастың күн кешуі мүмкін емес. Бір тұлғаның екінші біреудің күйзелісін эмпатия дейміз. Т. Шибутани эмпатияны адамның өзге адамның алушылық көрсету, түсіну қабілеттілігі түрінде қарастырады. А.В. Петровский мен К.К. Платонов анықтамаларында да когнитивті компоненті алынған. Қазір эмпатияны қандай түсінуді байланысты дәл көзқарас жоқ, тек қандай үн қосу және зияттылық процесі түрінде қарастырылады. Эмпатия деген түсінікті анықтау үшін оны себеп-салдарына қатысты қарастыру қажет. Эмпатияның пайда болуы өзге тұлғаның сезім әрекетіне бой алдыру жағдайы бастау болғанына, әрине,

күмән жоқ. Салдар мәселесін шашу бұдан күрделірек. Бір тұлғаның екінші тұлғаны бейнелугі не түрінде өтеді? Тек сезім әрекетіне бой алдыруға ғана қосу түрінде немесе когнитивті және мінез-құлықты үн қосу ма? Басқаша айтқанда ой жүргізсек, эмпатияны процесс түрінде бағалау қажет. Әрине, бұл процесс таным мен күйзеліс элементтерін қосуды керек, себебі когнитивтік сәтсіз күйзелістерді қосу мүмкіндігі болмайды.

Эмпатия көріну процесі түрінде бір компоненттің, сезімге берілгіштік, когнитивтік немесе мінез-құлықтық басымдылығымен пайда болады. Осы компонент арасында өте күрделі байланыс бар. Егер когнитивтік компонент басым болса, онда өзге тұлғаның жағдайы барабар түсінудімен сипатталады. Сезімге берілгіштік компоненттің басымдылығы өзге тұлғаның күйзелісіне қызу үн қосумен айқындалады. Мінез-құлықтық компонент басым түссе, онда өзге тұлғаның сезімге берілгіштігін түсініп қана қоймай, оған белсенді демеу көрсетеді. Бұл жағдайда эмпатия бірге күйзелу алушылық көрсетумен қатар жүреді.

Сезімге берілгіштік эмпатияның бірінші формасы индивидтің мотивациялық беталысы өзіншілік мазмұн алады, яғни жеке бастың қалпын ойлап өзгенің күйзелісіне ортақтасуы. Алушылық өзгенің қалпын ойлау қажеттілігінен туындайды. Ал эмпатияның екінші формасы жеке тұлғаның қамқорлық көрсетуге әрқашан дайын тұру беталысы мен байланысы. Эмпатия тұлғааралық байланыс феномені ретінде адамдардың өзара қатынастарын реттеп қана қоймай, адамның адамгершілік қасиеттерін сипаттайды. [2]

Сезімге берілгіштік эмпатияның алушылық және бірге күйзелу түрінде дүркін-дүркін қайталануы тұлғаның қасиетіне айналып, адамның адамгершілік тұғырын сипаттайды. Эмпатия қасиеттерінің айқындануы және оның формасы жеке тұлғаның табиғи ерекшеліктеріне байланысты, мысалы, темпераментте, жалпы сезімталдығына, сонымен қатар тәрбиесіне, өмірлік іс-әрекетіне, сезімге берілгіштік тәжірибесіне де байланысты. Эмпатия өзара әрекеттестік, қарым-қатынас жағдайында пайда болып қалыптасады. Бұл процесстің негізінде аңғарып немесе аңғармай сәйкестендіру механизмі жатыр. Теңдестіру, өз

ретінде, адамның іргелі қасиеттеріне, атап айтсақ, өзін, өзінің жеке тұлғасын, мінез-құлпын, жайын басқа адаммен салыстыруының нәтижесі болады. Эмпатияның сезімге берілгіштік формасы “өзгенің күйзелісін тікелей қабылдау кезінде, сонымен қатар өзгенің бейберекет жағдайында есіртпеушілік, қайғы, жанашырлық түрінде болады.

Эмпатияның күйзелу субъективтінің сезімге берілгіштік жағдайының кезкелген белгісімен болуы мүмкін. Шын мәнісінде адам күйзеліс үстінде, немесе қуанғанда өзгенің үн қосуына қатар болмаса да, ол оған, әрине, қажет. Ал жағдайы ойдағыдай емес кезде өзгелердің демеуі, жанашырлы, алушылық көрсетіп, қайғысына ортақтасуы, әрине, оның ыңғайсыз сезімдерден арылуына көмектесері сөзсіз. Когнитивті және сезімге берілгіштік эмпатия кез-келген қатынастарда, жалпы адам қарым – қатынаста бола береді. Ал мінез-құлптың, әрекеттік эмпатия тек өте жақын қарым-қатынастарға ғана тән.

Эмпатия жеке тұлғаның әлеуметтік қолдау тәрқан қасиеті өмірдің қоғамдық нормаларында қолдау тауып отыр. Эмпатия жекеленген, таңдалған бағытта болуы мүмкін, мысалы кез-келген адамға емес, досына, ерлі-зайыптыларға сәйкес. Кейінгі кездегі эмпатияны зерттеуге көбірек көңіл бөлініп отыр, себебі адам қатынастар феноменін оқып білудің теориялық және практикалық маңызы зор. Жеке тұлға мен тұлғааралық қатынастар теориясының дамуы үшін эмпатия мәселесін шешу қажеттілігі анық, себебі оның механизмдерінің мәні ашықпай, адам табиғатының болмысын- қоғамдық мәнісін түсіну мүмкін емес. Қоғамдық өмірде қазір жекеленген тіршілік іс-әрекет жоқ деп айтуға болады. Еңбек болсын, демалыс болсын бәрі ұжымдық түрде жүреді. Сондықтан бірлескен іс-әрекеттің тиімділігін арттыру және бірлескен демалыстан неғұрлым мол жан рақатын алу мақсатында арнайы нұсқаулар дайындау қажеттілігі туындайды. [20]

Көптеген авторлардың зерттеулері көрсеткендей, тұлғааралық қатынастардың пайда болуы және қалыптасуы, адамдардың бірлесіп жұмыс істеу алуы мен сыйысымдылығы сан түрлі факторлармен анықталады.

Солардың ішінен теориялық-әдіснамалық және эксперименталды-қолданбалы маңызы бар мәңгіренің бөліп қарастыруға болады.

1. Ең алдымен адамдар арасындағы пайда болатын байланыстардың мақсаттық белгілерін топтардың мақсаттық функцияларын нақты анықтап алу керек.
2. Мақсаттар тұлғааралық қатынастардың түрін қалыптастырады және тұлғалар арасындағы өзара байланыстардың дәрежесін анықтайды. Қарым – қатынастардың шартты типтері мынадай болуы мүмкін: а) топтық, б) жолдастық, в) достық, г) ерлі-зайыптылық қарым-қатынастар.

Бұл айтылған қарым-қатынас пайда болу және қалыптасуының өзіндік заңдылықтары бар. Сонымен қатар адамдар арасындағы байланыстарды сақтауға және олардың бір-біріне қанағат тануына көмектесетін ортақтастықта бар: а) пікірлердің және “Мен-концепциясының” ұқсастығы, б) серіктестердің “жағымды” және “жағымсыз” элементтерін “Мен-концепцияларың” қабылдау барабарлығы және т.б.

Адамдар арасындағы қатынастар мен өзара байланыстарының өмір сүру мақсаты тұлғааралық қатынастарды ретке салудың басқа факторларының сыйысымдылығы мен бірге жұмыс істей алуының “үлес салмағының” мөндерінен анықтайды.

3. Адамдар арасындағы ұқсастық пен айырмашылық, ұқсастық пен контраст адал мен адалдың бірге жұмыс істей алуы мен сыйысымдылығын, қарым-қатынастарын дамытуын анықтайтын маңызды факторлар сапасында көрінеді. Адамдардың ұқсастығы мен айырмашылығының бірінші деңгейі тұлғалық және жеке басының параметрлері қатынасы. Адамдардың ұқсастығы мен айырмашылығының екінші деңгейі ол адамның өзіне, серігіне, басқа адамдарға, дүниеге қатынасы, беретін бағасы, пікірінің жағдаяттың функционалды қатынасы. Екінші деңгей бірінші деңгейдің ерекшеліктерін көрсетеді. Екінші деңгей екі түрге бөлінеді: алғашқы -

өзара әрекетке дейінгі пікір, бағалау қатынасы; екінші – адамдардың өзара қатынасы сандарынан кейінгі пікір, бағалау қатынасы.

4. Өзара і-әрекетке түсушілер үшін ұжастық пен айырмашылықтық қандай да бір психологиялық мінездемелерге байланысты екені ғана ескеріліп қоймай, сонымен қатар ұжастық байқалатын сипаттау деңгейі де немәдәйды қалмайды. Мысалы, серіктердің ұжастығы басымдылық сияқты жеке тұлғаны қасиеті бойынша бола, бірқалып жоғары немесе төмендегіне қарай әртүрлі мәнге ие болады. Егер серіктестер екеуі бірдей басымдылық көрсетсе, әсіресе, көптеген өзара әрекеттестік жағдайында қайталанса, онда бұл адамдардың оңғойлы сыйысымдылығын, олардың қатынастарының тұрақтылығын күтуге болмайды.

5. Жеке тұлғаның қасиеттері өзара қатынастардың осы не басқа типтерінің мәнділік дәрежесі және қатынасқа түскені адамдардың жеке бағдарының ерекшеліктеріне тәуелділігіне байланысты иерархиясы болады. Мәнділік иерархиясы объективті және субъективті болуы мүмкін. Бірінші жағдайда жеке тұлғаның басымдық, жұмысқыштық, сенімділік, дербестік сияқты қасиеттерің, әсіресе, ерлі-зайыптылық қатынастар үшін маңызды екені айтылады. Жекеленген адам үшін тұлғаның қасиеттерінің субъективті мәнділігі, айталық біреу өзі өте жұмысқыш болмаса да өзінің және өзгенің жұмысқыштығын бағалауы, немесе керісінше өзі жұмысқыш бола тұра өзінің және өзгенің тұйықтығын бағалауынан көрінеді. Адамдардың жас ерекшеліктері, жасаралық қарым-қатынастардың қабылдануы және оларға тән ерекшеліктер тұлғааралық қатынастарды реттеуде, сыйысымдылық пен адамдардың бірлесіп жұмыс істей алуының маңызды факторы болып табылады. Жас факторы қатынастар пайда болғанда және әртүрлі сындық жағдайларда, жәкі байқалып отырады. Жас айырмашылығының диапозонының қатынастардың пайда болуына, оның тұрақтылығына және белгілі бір типтерін сақтап қалуда маңызы бар.

6. Тұлғааралық қатынастардың сиятын анықтайтын маңызды факторы жыныстық айырмашылықтар мен бір жыныстағы немесе әр түрлі ұжымдардың жынысты жұптардың, топтардың өзара іс-әрекет ерекшеліктері болып табылады.
7. Байланыстардың пайда болу уақыты, оларды сақтаудың ұзақтығы тұлғааралық қатынастарды анықтайтын басқа факторлардың мәнін алмастырады. Мысалы, достық байланыс алдымен өзара әрекетке түсінушілердің сезімге берілгіштік тәжірибесімен анықталады. Сезімге берілгіштік жағдайында балалық шақта немесе бозбала кезінде пайда болып, достық қатынастар сақталуы мүмкін, бірақ есейген шақта достық байланыстардың қалыптасуына негізгі заңдылықтарымен қайшы келуі мүмкін. Достардың сезімге берілгіштік есі қатынастардың жарымсыз жақтарын ескермей-кейін сыйысымдылық жоқтығын көшіре салады.
8. Нақты адамдардың тұлғааралық қатынастардың әрбір жеке жағдайы өзіне тән қайталанбас бет-бейнесі болады. әр топтың және ережелінің өмір тарихының қайталанбастығына байланысты сыйысымдылық қатынастарының пайда болу және даму заңдылығының өзіндік ерекшелігі бар.
9. Адамдардың тобы, белгілі бір ұжым өз бетімен өмір сүрмейді, басқа топтармен, ұжымдармен күрделі және көптеген байланыстарға қосылады. Кез-келген топ ұжымдық даму дәрежесіне жеткенде, үлкен бір ортаның- қоғамның бөлшегіне айналады.
10. Психологиялық зерттеулердің көшенділігі тұлғааралық қатынастар, сыйысымдылық пен бірлесіп жұмыс істей алу мәселелерін бірнеше аспектіде қарауға мүмкіндігін береді: әлеуметтік – психологиялық, жалпы психологиялық, дифференциалды-психологиялық, және психофизиологиялық.
11. Зерттеулердің понтигодтігі тұлғааралық қатынастардың туындауының күрделі табиғатын ашып, олардың дамуын адам мен адамның өзара әрекетін ұзақ көшенді оқып үйренуге мүмкіндігін береді. Қатынастардың

бұзылуының себептерін зерттеу мақсатқа лайық болады. Мысалы, бұзылуға жақын кәсіпкерді зерттеу арқылы, неменің бұзылуын себептерін біліп қоймай, ерлі-зайыптылар қатынастарының шиеленіскен тұстарын анықтауға болады.

12. Сыйымдылықтың теориялық және практикалық негізін дайындау үшін адамдар арасындағы байланыстардың кең диапазоны, аз таныс адамдардың симпатиясы мен антипатиясынан бастап достық, ерлі-зайыптылық қатынастарға дейінгі зерттеу керек. Әсіресе ұжымды топтардың дамуының жоғарғы формасы түрінде ерекше зерттеу қажет.

Бұл саладағы білімдер психологиялық практикада тұлғааралық қатынастарды қалыптастыруға, ұжымдағы әлеуметтік-психологиялық климатты реттеуге көмек.[20]

14. Достық қарым – қатынастар, достық тәрбиесі жайлы тусындар

Достық тәрбиесі

Достық – адамдарды бір-біріне туғанындай бауыр етіп, араларын кіршіксіз таза етіп байланыстыратын ізгілікті қарым-қатынас.

Достық сезімді адамдардың бойында жаратылғаннан бар. Қандай болмасын адамның өз сырын айта алатын, дәртің сөйлей алатын, жарылып шынын жасырмайтын, еш нәрсесін бүкпелемейтін адамдары болады. Міне, ол – дос адам.

Дос болу дегеніміз адамдардың танысқаннан кейін бір-бірлерімен жай ғана араласуы емес. Дос болу – танысқаннан бастап шынайы тілектестіктен араласу, керек кезінде қолдауын беру, басына қиын жағдай туындаған кезде жанынан табылу, оны көзетсіну, сыйлау, құрметтеу, алдамау.

Достық сезім өмірдің өзінен туындайды. Кісі күнделікті араласып жүрген адамдарының ішінен өзінің жанына жақын, өз табиғатымен үндес, өзін сатып кетпейтін, адалдығына шүбә келтірмейтін жаңды кездестіреді. Содан онымен өте жақын араласа бастайды. Уақыт оза бір-бірлері арасында мызғымс достық орнайды.

Халық педагогикасында жігіттің жақсы-жаман болмағы өскен ортасы, жора-жолдасы және жандысындағы достыққа байланысты деп бағаланаған.

Оны «Жақсымен жолдас болсаң, жетерсің мұратқа, жаманмен жолдас болсаң, қаларсың ұлтқа», «Жаманмен жолдас болсаң, кесірі жұғар, жақсымен жолдас болсаң, кесібі жұғар»-деген сияқты мақал-мәтелдерден айқын көреміз.

Осындай халықтық мақал-мәтелдерді тіпте тиік ете отырып Базар жырау:

Жолдас болсаң жақсымен,
Жетеді қылың мақсатқа.
Жолдас болсаң нәмерттен,
Аунағар бір күн батпаққа.
Есің болса ертерек,
Күн іштері күннің,
Бөледен аулақ бас сақта.
Екі қалай жерлерде,
Адамға а қайыр қылмайтын,
Ақшаның татын жалғаған,
Түспесін ісің ақымаққа, -

деп, дүниге үшін, мал үшін дос болатын ақымақ, арыс, алдалпаз адамдардан аулақ бол дегенді нұсқайды.

«Бір адамның жаны мен екінші адамның жаны барлық мінездерімен үйлесетін болса, сонда достық сезім пайда болады», - деп тұжырымдаған Мағжан Жұмабаев өз ойларын ары қарай былай жалғастырады:

«Бала біраз есейіп, басқа балалармен ойнай бастаған кезде, онда достық сезімі оянады. Бірге ойнайтын балалардың ішінен бала өзіне дос тауып алады».

Достық сезімнің балаға көп пайдасы бар. Досының көңілін тауып үйренген бала өзіншегілік мінездерден аулақ болады. Өзінің дос баласының сөзін бала үлкен адамның сөзінен де артық тыңдағышы келеді. Сондықтан тәрбиеші баланың достарының дұрыс балалар болуына қам болуға міндетті».

Әлбетте, өзінің жан досы бар адам бақытты ғой. Өйткені адамның досы барда өмірі – той, жаны – жай, үйі – қызық, түзі – думан, уайымсы жоқ. Қазақ

үшін досы беліспеген қуаныш – қайғы. Доссыз көрген қызық – шыжық. Дос ортақтаспаған байлық – бітке тартқан табақтай қадірсіз.

«Адам өмірі адаммен» деген бар емес пе? Ешбір адам жеке өзінше өмір сүре алмайтыны анық. Ол міндетті түрде айналасындағылармен санасуға мүшделі. Бұл санасу адамды еріксіз кейбіреулермен достыққа итемелейді.

Кісі осындай жанды өзінің мемлекетінде табуы да, я бөтен елден табуы да мүмкін. Не болмаса өз ұлтынан, я өзге ұлттан таба алады. Демек, достықтың шегі болмайды. Адамның тіліне, дініне, нәсіліне, ұлтына қарамастан достық орнайды. Өйткені достықтағы ең маңызды нәрсе - өзара ұғысып-түсінісу, жарасып жақын жүре алу, бүтпесіз болу және риясыз болу.

Әлбетте, достық – еріккендердің ісі емес. Бір-бірлеріне пейіл-ықыластары түскен, жан-жүрегі қалаған, көзқарастары мен ой-ниеті үйлескен, мінездері сыйыпшы адалдар ғана дәре боле алады.

«Сен досыңның кім екенін айт, мен сенің кім екеніңді айта берейін» деген мәшһүр өз достардың жан дүниесінің, ой-өрісінің, талғамы мен әлеуметтік көзқарастарының бір-бірлеріне жақын болу керектігін меңзейді.

Адам өз өмірін достарымен бағды етеді. Өйткені баратын немесе шақыратын досы болмаған адамның өмірі – еш қызығы жоқ бейшара өмір. Бұл орайда халқымыздың: «Көп ақшаң болғанша, көп досың болсын» деген нақыл сөзін еш жадымыздан шығармағанымыз жөн болады.

Салт-дәстүрімізде ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан рухани өсиет бар. Ол – достыққа адалдық. Аталарымыз керек кезінде жалғыз атын досынан алмаған, жалғыз жейдесін досы үшін шешіп берген екен. Иә, досы үшін суға түсіп, отқа күю, кеудесін оққа төсеу осы болар.

Достық – бұл ортақ көзқарас пен мүдде, мақсат бірлігі негізінде пайда болып, уақыт сыннан өткен үлкен адамгершілікке тең жоғары сезім. Достық адамды асқақтатады, ол жан мен тәннің гүлдене түсуіне жәрдеміседі. Оның маңызды белгісі берік әрі терең эмоциялық жақындық. Ол адамның бір-біріне сөз жүйесіне де, іс жүзінде де адал және шынайы болу, өзара терең мүдделілік, бір-біріне терең сенім, қайғы мен қиыншылықта өзара қол ұшын беру, өзара

жауапкершілік пен қамқорлық. Достардың мінез, темперамент секілді ерекшеліктері түрліше болып келуі де мүмкін. Мәселен, олардың бірінде қызбалық не шабарлық, тұйықтық не жігерсіздік т.б. мінез кемшіліктері кездесетіні болады. Бірақ достыққа бұлар кедергі бола алмайды, қайта нағыз дос біріндегі осындай кемшіліктерден арыпұта көмектеседі. Әрине, сатқындық, екі жүзділік, өтірікшілік, төкаптарлық, өзімшілдік достықпен сыйыспайды. Жалқау, менмен, мәдениетсіз, самарқау, салқыр-салақ адамдар бір-бірімен дос болып көгермейді. «Дос болма майда тілді күлгенменен, бимағына сырты жыптырап жүргенменен», дейді Шал ақын. «Достық – астандағы жарық жұлдыз, теңіздегі гауһар тас. Жұлдыз да, асыл тас та кіршіксіз мәлдір. Бұл екеуін ешкім де, еш күдірет те кірпете алмайды... Достыққа кішкене сызат түсті дегенше, құдай ұрды дей бер. Егер шын дос табылса, мал-басыңды сондық жолына құрбан ет. Достыңның кішкене сыйын көптей көр... досыңа қанда көп берсең де аздай көр...» дейді сөз зергері Мәшһүр Жүсіп Көпеев.

Нағыз достық адалға шабыт берің, өмірде кездесетін түрлі сәтсіздіктерге мойындауға жәрдемдеседі. Бір-бірінің кемшіліктерін ақтау, бір-біріне жөндеп талап қоймай, болмашы істерін дәріптеп сөйлеу – бұл жалған достық. «Дос жыпатың, душпан күлдіріп айтады» деп халқымыз өте тауып айтқан. Достық қарым – қатынас адалға, әсіресе, балғаң, балауса шақта аса қажет. Дос іздеу асқақ арман мен таудай талап, шексіз-шетсіз үмітке толы жас дәуреннің ерекше сезімі. Ол өзара пікір алысудың, болашақты жоспарлап, мекзей білудің, сенім-танымдарды қалыптастырудың таптырмас мектебі. Осы кезде жас адам үшін құрбы-құрдастардың орны ерекше. Бозбаланың мен бойжеткен достасуы бара-бара алғашқы кіршіксіз махаббатқа да ауысып жататын болады. Достық өмірдің даңғыл жолы емес, сондықтан, ол туралы үстірт, жеңіл ұғымдардан аулақ болу қажет.

II. Жеткіншек жасындағылардың психикалық дамуы

2.1. Жеткіншек жасындағылардың психикалық дамуы

Жеткіншек жасындағыларды тиісті әдебиеттерде «жұын» «өзгерілу», «ауысу жастары» т.б. деп атайды. «Ауысу жасында» жеткіншек Балалық кезеңдерден ересек жасына ауысады. Ана тілімізде «жеткіншек» деген ұғым өзге тілдердегі осы сөздің мағынасын дәл береді.

Жеткіншек өзге жастарға қарағанда педагогтар мен тиісті әдебиеттерде көп әңгіме болып жні көтеріледі. Себебі бұл кезеңде оның психикалық даму ерекшелігі жас бала мен ересектерге қарағанда әлде қайда өзгеше болады: бұл кезеңге таң тағы бір ерекшелік жеткіншек барлық нәрсені өз бетімен орындап, үлкен адамдардың қамқорлығы мен ақыл-кеңесінен құтылғысы келеді. Жеткіншектің ересектен айырмашылығы биологиялық дамуы (жыныс, т.б. жетілуі) жағынан көрнеу еріс алады. Жалпы алғанда, жеткіншек тып-өзгеше сипатта келеді. Кейбір жеткіншек жастағылар осы кезеңде бұрынғы қалпынан үлкен адамдармен қарым-қатынаста болғанда мейірімді, сыпайы келсе, енді ересек түрде, жни тәртіп бұзуға икем келеді. Бұл жаста ересектерге ұқсас, іске ұмтылғанымен, сол істі орындаудағы мүмкіншілігі кіші мектеп жасындағылардай. Басқаша айтқанда, бір жеткіншек істі итеру жағынан бала да, ал талап қою жағынан ересек.

Жеткіншектің бала кезінен ересек кезеңіне ауысуы психикалық дамудың салдарынан: егер үлкендер жеткіншекті бала деп есептесе, керісінше олар өзін есейдік деп санайды. Бұл екі арадағы дәл келмеушілік жеткіншектің дамуына әсер ете алады.

Жеткіншек өзбеттілік қасиеткі ұлтышып, үлкендердің қамқорлығынан босануға тырысуы баланың бәрінде кездесетін болғанымен, осы жеткіншектердің бірқатары күні-түні фантастикалық әдебиеттерді оқып, солардың кейіпкерлеріне еліктейді. Жеткіншектер арасында радиотехникамен әуестенушілік көптеп кездеседі. Мұнымен қатар бұл жастағылардың бойынан әлі де Балалық кездесіп отырады, бірақ сол жеткіншек таныс емес үлкен адамдардың алдында өзін мәдениетті түрде ұстауға тырысады.

Әдетте жеткіншектерді көнбейтін «қызы» жас деп сипаттайды. Солай деп бағалайтыны. 1) мінез-бұлқы өзгеріп, оның негізінде жаңа қасиеттер пайда болатынынан;

2) психологияның жаңа саласының пайда болуынан бала қиналысқа ұшырайды.

Мұндай үлкен өзгерістерді психологтар түрліше дәлелдейді. Психолог З.Фрейд жеткіншек үлкендердің қамқорлығына көнбейтін «өзім бәрін орындаймын» дейтінін жыныс қасиетінің салдарынан болатын санасы әуесқойлық деп түсіндірді.

Бала жеткіншек жасында дене және физиологиялық даму жағынан үлкен өзгеріске ұшырайды. Жеткіншек жасында тез өседі. Кейде тып шапшаң, кейде баяу дамиды. Қыздардың денесінің тез өсуі 13 жаста, ұлдарда 15 жаста. Бұл кезде жеткіншектердің сүйектері мен шөлпіршектері нығайып, бұлшыңқыреттері күшейеді. Жеткіншектердің дене құрылысы онша үйпесіп жарымайды. Денесін тік ұстамай, бір жағына еңкейіп не қисайып тұрған сияқты көрінеді. Себебі дене мүшелері біркелкі дамымайды. Осының нәтижесінде жеткіншек денесінің үйпестеуінен ұлады.

Мұнымен қатар жеткіншектің қан айналыс системасы едәуір өзгерістерге ұшырайды. Жүрегінің көлемі тез өсіп, салмағы артады. Артериялық қан айналыс түтіктерінің диаметрі өсіп жарымайды. Осының нәтижесінде жүрек қанды көп айдайды да, түтіктің тесігінің көлемі (диаметрі) кішкентай болғандықтан, қанның қысымы көбейеді, сөйтіп жүрек жұмысын нашарлататын болады. Бірақ қан қысымының жоғарылығы көпке дейін созылмай, біраздан соң өз қалпына келеді. Дегенмен, қан қысымының көтерілуі нерв системасының қызметіне әсер етіп, жеткіншектер қызба, ызақор болып келуі мүмкін. Сондықтан, осы дене шындықтары сабағында еске алынуы тиіс.

Эндокрин системасы да өзгерістерге ұшырап, гипофиздік гормондары бездердің жұмысын әсерлендіріп, жеткіншек жыныс өміріне даяр етеді: қыздар 12-18 жаста, ұлдар 13-14 жаста.

Жеткіншектің бас миының көлемі ересектердікіндей, бірақ ми қабатын клеткаларының қабаттары өсуін әлі тоқтатпайды.

АҚШ психологі С.Холл Еуропадан Э.Фрейдті өз еліне шақырып биогенетикалық заңдылыққа сүйене отырып, психологияға «биогенетикалық универсализм» деген ұғым енгізді. Бұл ұғым бойынша жеткіншектің өзіне тән психикалық ерекшеліктері жаңуар ата-тегінен берілген қасиеттер делінеді. Сондықтан осы заңдылық жеткіншектің мінез-құлқының кейбір жақтарына әсер етеді деген.

Жеткіншектердің «МЕН» деген мәнісі ол енді кішкентай емес, есейді, енді үлкен адамдар оны азамат деп санауы тиіс. Егер бірде «Сен баласың» десе, ол жәбірленіп, жылап жәбере жаздауы мүлкін. Себебі ол бала болғысы келмейді. «Бала» деген сөздің мағынасы оның түсінігінше, ешқандай өзбеттілігі жоқ, тек үлкендердің қалдырылған күн көретін дегенді білдіреді.

Қазіргі әлеуметтік психологиясында «қылбат нәрсе» деген термин бар. Мұның мағынасы мынада: әр кімнің өмірінде өзіне қылбат тілек, көздейтін мақсаты бар. Бірақ қылбат дейтін әркімнің жанына ең жақын нәрсе, үнемі өзгеріп отырады. Бала кезіндегі қылбат дейтін нәрсе, жеткіншек жасында өзінің құнын жоғалтады, оның әуестігі өзге қылбат деп саналатын жаңа тілекті өзіне бұйым етіп тілеп алады.

Жеткіншектің «МЕН» деген қасиетін жете түсіну үшін, оның үлкендермен қарым-қатынастарына, әсіресе екі ортадағы кездесетін қайшылықтарына тоқталайық. Ал қайшылықтың нәтижесінде сол жағдайдан қалай құтылуды білмеуді дағдарыс деп атайды. Жеткіншек үлкендерден өзінің есейгенімен, еңбектілігімен санасуын әр сала бойынша талап етеді. Екі арадағы қайшылықты кім жеңеді дегенде, жеткіншектің талабы жаңа болғандықтан, сол жеңеді деуге болады (себебі диалектиканың заңы бойынша, жаңа нәрсе көнеді жеңеді). Ал осы қалай іске асады? Бұл әуелі жеткіншек үлкен адаммен қарсыластық, оның сөзін тыңдамайды. Үлкендер әуелі жеткіншектерді тәртіпке шақыруға тырысады: тигілі жазалауы да күтілмей. Бірақ осыған жеткіншектің кейбіреулері көнбей, түбінде үлкендер шаршап «енді сенің айтқаның бола

қойсын» деуі мүмкін деген айта болады. Осындай екі арадағы түсінбеушілікті келіс психологі К.Лезир «қойтық бөгет» деп атаған. Жеткіншек пен үлкендердің арасында түсінбеушілік болып, бөгет салынған соң, енді үлкендердің сөзіне құлақ аспайды. Сондықтан жеткіншекке тіл алдыру үшін алдымен сол бөгетті жою керек.

Жеткіншекті азамат болуға не итермелейді десек, осының бір себебі өзінің кемшілік жақтарын сезе алуы. Бірақ өзінің кемшілігін сезіп, соған біреудің қатынасының объективтік түрде талдау беру кім болса соның арлынан келмейді. Жеткіншекке өз қатесіне талдау жасап, оны жоюға жора-жолдастары мен үлкендер арасында жақсы көрініп және өзіне ұнайтын, сырлас достарын табу.

Жеткіншектердің идеяларына келсек, мұның өзі түрліше кездеседі. Жеткіншектің идеялы көркем әдебиеттегі кейіпкерлер немесе өзінің жақсы білетін, жақсы көретін адамы да болуы мүмкін. Еліктегіін бейне өзінің ұнататын адамы болса, барлық күшің, оның ісіне еліктеуге салып, ақылдың, сөзін тыңдауға тырысады.

Қазіргі заман жеткіншегінің есеюі мен өткен дәуірдегі бозбалалардың есеюі арасында үлкен айырмашылық бар. Егер өткен заман бозбаласы атқа мініп, үлкендерге қосшы бола алса, немесе біреуге өлең шығаруды есею деп ұқса, қазіргі кезде мұны есею деген ұғымға жатқызбайды. Сол сияқты қыздар кіім тігу білуді не алаша тоқуды есейгендік деп сезінсе, бұл да қазір есеюге жатпайды.

Осыны жеткіншек жасындағы ұлдардан бастайық. Қазіргі жеткіншектер ұялмай үлкендердің көзінде темекі тартып не қарт ойнап, - осы әдеттерді есейгеннің белгісі деп санайды.

Жеткіншек жасындағы қыздарды алсақ, бұлардың есеюді түсінуі түрліше келеді. Бидің неше түрлерін білгенді, өзін кемшілік алдында көрсете алса, есеюдің белгісі деп санайды. Қыздар сәнді киініп, өзгелерге ұнауы кейде негізгі мақсаты етіп, осыны есеюдің бой-жеткеннің белгісі деп түсінеді. Бірақ жеткіншектер бәрі осындай емес.

Сайып келгенде, жеткіншек жасындағылар әлі бір жағынан бала болса да, үлкендердің істейтін ісіне еліктеп, солардың істейтін жұмысын оқудан бос кезде қайталап, қаларда азамат қатарына жетуге тырысады.

Жеткіншектің өз құрбыларымен қатынасы түрлі дәрежеде кездеседі. Сыныптағы бір баламен тек достық қатынаста болса, өзгесімен жолдастық қатынаста болады. Достық қатынас бірнеше жағдайда болады. Мысалы, жеткіншек бәлендей құрбысымен дос болғанын өзінде де, соған өзінің ішкі сырның бәрін айтпай, достарының ішіндегі ең жақын досына айта алады. Бір-екі бала достық қатынаста бола алады. Мұны микротоп деп атайды. Кімдер микротопқа, яғни жақын достық қатынаста болатынын анықтау үшін осыны былайша білуге болады: мысалы екі бала сырласып тұрғанда, қасына үшінші бала келе қалса, әңгімелерін тоқтатып, өзге мәселегі көшеді. Себебі, келген бала да олардың досы болғанымен, кейбір сырларды оған айтуға болмайды.

Жеткіншек өзіне дос таңдау үшін түрліше талап қояды. Егер кіші оқушы өзіне досты көбіне сабақ үлгерісіне қарай қалайтын болса, жеткіншек оның құрбысының ниеті қандай, қорқақ не батыр ма, шынымен дос болғысы келе ме – осы сияқты сапаларға ерекше мән береді. Осымен қатар жеткіншектердің арасында беделдісі, кеңес беруге бейімдісі кездеседі. Мысалы, екі бала ренжіскенде, кім кінәлі – осыны шешуді («орбитр»). Осындай баланы көсем («лидер») деп атайды. Мұндай жеткіншек елгі және ұйымдастырушылық қабілетінің болуынан сынып жетекшісі оны т.б. етіп сайлайды. Бірақ, сыныпта формальдық (ресми) және формальдық түрде бекітілмеген көсемдер кездеседі. Кейде сыныптардың формальдық түрде бекітілмеген көсемді таңдайтын болады.

Мұнымен қатар, жеткіншектерде «Моральдық кодекс» дейтін кездеседі. Мысалы, жеткіншек досының ұнамсыз қылықтарын, не біреудің жасаған қолайсыз ісін өзгелерге (әсіресе үлкендерге) айтып қовың кодекске дәл келмейді деп санайды.

Жеткіншек кіші оқушыға қарағанда едәуір түселіп қалады. Бұлардың арасында сабақты жақсы игеретіні жиі кездеседі. Бірақ осылардың оқушыейде ойдағыдай жүзеге аспайтыны болады. Себептері:

- Егер осы уақытқа дейін төменгі сыныптарда бір мұғалім оқытып келсе олар үшін мұғалім беделді болса, орта сыныптарда жеткіншектерді ең кемінде 5-6 мұғалім оқытады;
- Сабақ тапсырмалары күрделеніп қиындай бастайды;
- Жеткіншектің құрбыларымен достығы үстем орын алып, осының нәтижесінде оқу оның өмірінде негізгі роль атқара алмауы мүмкін.

Т.В. Драгуновтың зерттеуіне қарағанда, бастауыш сыныптардан орта сыныптарға көшкен жеткіншектердің бір-бірінен айырмашылықтары бар:

- 1) жеткіншектің бір қатары жақсы оқыса, өзгелері нашар оқып, сабақтарға келуді қарайды;
- 2) бұлардың ой-әрісі тыл жоғары не төмен болады;
- 3) оқу қиындауына төзімді не төзісіз болып келеді;
- 4) оқу программасында материалдарды толықпен білетіндері де және тіпті сондағы мазмұнды білмейтіндері де кездеседі.

Жеткіншектің оқуға ықыласына мұғалімдер де байланысты. Егер оқушы мұғалімді жек көрсе, оның пәніне оқша даярланбайды. 4-5 сыныптардағы жеткіншектер мұғалімнің бағаға сараң болмағандығын қалайды. Бірақ жоғары сыныптарда бұл қасиеттерді жеткіншек барлық жағдайда ұнатпайды.

Күнделікте оқу материалын ұғыну Қабылдаудан басталынады. Қабылдау оқу процесінде ойлануды талап етеді. Математика, физика, химия тыңдауды ғана талап етпейді, сонымен қатар мазмұнын терең түсініп, берілген тапсырманы орындап отыруы тиіс. Қабылдай дегеніміз мағлұматтарды тұтастығымен бейнелеу.

Жеткіншектің Зейініне көшейік. Жеткіншек сабаққа кейде бір нәрсені үйренейін деп келмейді, көбінесе достарымен кездесу үшін келетін болады. Ондай оқушылар сабаққа зейінді келмей, сабақ үстінде әңгімелесіп отырады.

Жеткіншек зейіні сабаққа қалыптасса, онда ол назарын бір объектіден екінші объектіге аударып отырып та толық мүмкіншілігі бар.

Жеткіншектің Жалды мен Есі едәуір дамыған. Кіші оқушы мазмұнды жалдында сақтап алуы жақсы көрсе, жеткіншек мұны жек көріп, мазмұнды мағынасына қарай есінде қалдыруды ұнатады. Сонымен қатар, ол естігенін көпке дейін есінде сақтап, қажет деген мезгілде есіне жақсы түсіре алады.

Психологтардың бірқатары жеткіншек шындыққа сүйенуіне қарағанда қиялдануды көп ұнатады, өз-өзімен болып мұң не фантазияның сан алуан түрлеріне беріледі дейді. Осылай деу жеткіншектің жан-дүниесіне терең түсінбегедіктен айтылып отыр. Бірақ жеткіншек ересектерге қарағанда кейде қажеті жоқ істермен айналысып, осы соларға мұң болатын кездеседі, бұл негізінде азамат болғысы келіп, өзін болашақта қайраткерлік істерге даярлағысы келуінен. Жеткіншек мұңға берілген кезде осының барлық жағдайда пайда бермей, уақытты бос өткізуге себепші болатынын ескеріп отыру қажет.

Жеткіншектің оқуында Ойлану процесі негізгі роль атқарады. Ойлану арқылы жеткіншек тиісті мәселенің шындығын не қате екенін шешеді. Шындықты ажыратудың көптеген тәсілдері кездеседі. Солардың бірін формальдық операция деп атайды. Мысалы, екі сөйлем: «Таулы жерде картоп жақсы өседі», «Кавказ-таулы жер» деген сөйлемдерден қорытынды жасаймыз: «Ендеше, Кавказда картоп жақсы өседі» деп. Бірақ бізге – «Сен Кавказда болған жоқсың, сондықтан қорытынды қате» - деуі мүмкін. Осы сияқты екі сөйлемнен жаңа қорытынды шығару – дедуктивтік логиканың негізгі тәсілі.

Кейбір психологтар баланың абстракттық ойының дамуына ерекше мән береді. Абстракттық ой дегеніміз нақты заттарға мән бермей, солардың негізгі белгілерін біріктіріп, жалпылап бейнелеу.

Жеткіншекте бұл тәсіл кеңінен еріс алғанымен, оның бірде болып келген нақты ойы бірден жоқ болып кетпейді. Сонымен қатар жеткіншек жалпыға, жалпыдан жекеге ой үстінде келіп отырады.

Қорыта келгенде, ой-арқылы мәселені шешу қабілеті жеткіншектерде едәуір қалыптасқан. Осының өзі алдыңғы сыныптарда (9-10 сыныптарда) ой-өрісінің одан әрі дамуына мүмкіндік туғызады.

2.2. Бақылау, сауалнама қорытындылары.


Сауалнама. Оқушылардың достық қарым-қатынасын сырттай бақылай жүріп, оқушылармен осы тақырыпқа сауалнама жүргіздім. Оған мынадай сұрақтар қойып, оқушылардың көз-қарасын байқадым. Сауалнама мына бағыттарда жүргізілді: Менің ата-анам; Менің достарым.

Менің ата-анам:

1. Маған көп күтімдеп қарайды ма?
2. Менің не істей алатынымды, нені менгеру қажет екенін және қажет емес екендігін қатты талап етеді ме?
3. Менімен қарым-қатынаста жеткіліксіз шыдамдылық көрсетеді ме?
4. Мен бір жазға кеткенде қашан оралатындығым жөнінде өзі шешеді ме?
5. Өзінің не айтқанын және бұйрық бергенін тез ұлтытады ма?
6. Менің көңілсіз кезілде маған көңіл көтеругіле және шыдамдылық көрсетуіле кеңес береді ме?
7. Әрдайым мен жайлы біреулерге шағымданады ма?

Сауалнамаға қатысқан оқушылар саны: 28

1. Иә - 18, анда-санда - 9, жоқ - 1;
2. Иә - 20, анда-санда - 5, жоқ - 3;
3. Иә - 18, анда-санда - 8, жоқ - 2;
4. Иә - 20, анда-санда - 8, жоқ - 0;
5. Иә - 20, анда-санда - 4, жоқ - 4;
6. Иә - 15, анда-санда - 10, жоқ - 3;
7. Иә - 5, анда-санда - 5, жоқ - 18.




Менің достарым:

1. Жан-жолдасың бар ма?
2. Ұл мен қыздың достығына сенесің бе?
3. Достыңды қиын кезде қорғай аласың ба?
4. Дос қажет пе?
5. Достың өмір сүруге болады ма?

Сауалнамаға қатысқан оқушы саны 28.

1. Иә - 15, жоқ - 13;
2. Иә - 20, жоқ - 8;
3. Иә - 14, жоқ - 14;
4. Иә - 20, жоқ - 8;
5. Иә - 2, жоқ - 26



Қорытынды

Достық – бұл ортақ көзқарас пен мүдде, мақсат бірлігі негізінде пайда болып, уақыт сынынан өткен үлкен адамгершілікке тең жоғары сенім. Достық адамды асқақтатады, ол жан мен тәnniң гүлдене түсуіне жәрдемдеседі. Оның маңызды белгісі берік әрі терең эмоциялық жақындаық. Ол адамның бір-біріне сөз жүйесіне де, іс жүзінде де адал және шынайы болу, өзара терең мүдделілік, бір-біріне терең сенім, қайғы мен қиыншылықта өзара қол ұшын беру, өзара жауапкершілік пен қамқорлық.

Бастауыш сынып оқушылары жас ерекшеліктеріне сәйкес құбылмалы, кейде достықтың не екенін, қарым-қатынастың не екенін түсінбей жатады. Сондықтан осы кезеңнен бастап оларды достық, қарым-қатынас мақсатында жүйелі түрде бастауыш сынып ұстаздары, ата-аналар бірлесіп тәрбие жұмыстарын жүргізуі қажет. Ол жұмыстар мақсатты түрде іс жүзінде асырылуы тиіс.

Жеткіншек өзіне дос таңдау үшін түрліше талап қояды. Егер кімді оқушы өзіне досты көбіне сабақ үлгеріміне қарай қалайтын болса, жеткіншек оның құрбысының ниеті қандай, қорқақ не батыр ма, шынымен дос болғысы келе ме – осы сияқты сапаларға ерекше мән береді. Осымен қатар жеткіншектердің арасында беделдісі, кеңес беруге бейімдісі кездеседі. Мысалы, екі бала ренжіскенде, кім кінәлі – осыны шешуші («орбитр»). Осындай баланы көсем («лидер») деп атайды. Мұндай жеткіншек елгі және ұйымдастырушылық қабілетінің болуынан сынып жетекшісі оны т.б. етіп сайлайды. Бірақ, сыныпта формальдық (ресми) және формальдық түрде бекітілмеген көсемдер кездеседі. Кейде сыныптардың формальдық түрде бекітілмеген көсемді таңдайтын болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Ж.Б.Қолибаев, Р.М.Қолибаев Педагогика. Алматы – 2002
2. Н.Шакузадаұлы, Ж.Ерғалиева Әдептілік қағидалары. Алматы. Өнер, 2000 ж.
3. Қ.Жарықбаев Әдеп және жантану. Алматы. Атамұра – 1996 ж.
4. Б.Сариева Балалар психологиясы. Қостанай 2003 ж.
5. Р.Қ.Шаймерденов Педагогика және психология түсіндірме сөздігі Алматы «Мектеп» 2002 ж.
6. М.Мұқанов Жас ерекшеліктер психологиясы. Алматы 2000 ж.
7. А.А.Люблинская Мұғалімге бастауыш мектеп оқушысының психологиясы жөнінде Алматы,1998.
8. М.Мұқанов Педагогикалық психология очерктері ҚМБА 1962 ж.
9. Бастауыш сынып журналы 2005-2006 ж.
- 10.В.С. Ажев “Тұлғаларлық қарым-қатынастар” 1983 ж, ММУ
- 11.Г.М. Андреева “Топтағы тұлғаларлық қабылдау” 1991 ж, ММУ
- 12.Г.М. Андреева “Әлеуметтік психология” 1997 ж, МУ
- 13.Р. Бернс ““МЕН”-концепцияның дамуы және тәрбие” 1986 ж, М 6-276
- 14.В.В. Богословский “Жалпы психология” 1981 ж, М
- 15.Л.И. Божович “Тұлға және оның бала кезінен қалыптасуы” 1988 ж, М 6-375
- 16.В.С.Братусь “Тұлғаларлық ауытқу” 1988 ж, М
- 17.Г.Г. Бочкарева “ Қызыл оқушылардың мотивациялық саланың психологиялық мінездемесі” 1972 ж. 6-259-270 М
- 18.В. Васильев “Кәмелетке толмағандар психологиясы” 1997 ж, СПБ
- 19.К.Н. Волков “Мұғалімге психология туралы” 1985 ж, М
- 20.И.В. Дубровина “13-17 жас аралығындағы психологиялық даму және білім беру ерекшеліктері” 1988 ж, М
- 21.А.И. Дондрэ “Ұжымдық психология” 1984 ж, МУ
- 22.Т.В. Драгунова “Жасөспірім” 1976 ж, М
- 23.И.А. Зимняя “Педагогикалық психология” 1997 ж, Ростов-на-Дону
- 24.Л.М. Зыбин “Қызыл оқушылармен жүргізу жұмысы” 1992 ж, М
- 25.Е.П. Ильин “Мотивация және мотивтер” 2000 ж, СПБ
- 26.А.П. Краковский “Жасөспірімдер туралы” 1970 ж, М
- 27.В.Л. Крутецкий, Н.С. Мукин “Жасөспірімдер психологиясы” 1959 ж, М
- 28.Е.С. Кузьмин, В.Е. Семенова “Әлеуметтік психология” 1979 ж, ЛУ
- 29.А.М. Кочетов “Тәрбиелеудің маңағы” 1981 ж, М
- 30.А.М. Кочетов, И.И. Берунская “Қызыл оқушылармен жұмыс” 1986 ж, М

31. Г.М. Миньковский “Кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылығын алдын алу” 1987 ж, Киев
32. Р.С. Немов “Психология” Т1 1995 ж, М
33. Р.С. Немов “Психология” Т2 1995 ж, М
34. Р.С. Немов “Психология” 1995 ж, М
35. Р.С. Немов “Психология” Т3 1995 ж, М
36. Э.Ш. Натанзон “Құын оқушы және пед. ұжым” 1984 ж, 6-95 М
37. Н. Манянская “Үлгермеуші оқушылар психологиясы” 1977 ж, М
38. Н.И. Мурачьевский “Оқушылардың үлгермеушілігін қалай алдын алуға болады” 1977 ж, М.: МПА
39. Р.В. Овчарова “Бастауыш мектептерге психологиялық көмек” 1998 ж, М
40. Н.Н. Обозов “Тұлғааралық қарым-қатынастар” 1979 ж, Л
41. А.В. Петровский “Жас және педагогикалық психология”
42. В.И. Писаренко, И.Я. Писаренко “Педагогикалық әдеп” 1977 ж, Минск
43. М. Раттер “Құын оқушыларға көмек” 1987 ж, М
44. М.М. Рыбаков “Пед. ұжымдағы кзкілкіндер мен өзара іс-әрекет” 1991 ж, М
45. С.Л. Рубинштейн “Жалпы психология негіздері” Т2 1989 ж, М
46. Р. Рюкская “Практикалық психология” 2001 ж, м
47. Л.С. Славина “Тәртіп бұзушы оқушыларға жеке жол табу” 1958 ж, М
48. А.И. Селецкий “Іс-әрекетте ауытқулыр бар кәмелетке толмаған оқушылар” 1981 ж, Киев
49. В.Г. Степанов “Құын оқушыларға жеке жол” 1995 ж, М.: МПА
50. Л.А. Суккинская “Толтағы қарым-қатынасты жетілдіру жолдары” 1979 ж, ДГУ
51. Н.А. Толстык, С.М. Кулаков “Құын оқушылардың мотивациясын айқындау” 1989 ж, № 2 6-35-55
52. К.Д. Ушинский “Адам тәрбие барысында” 1952 ж, Т8 М:Л
53. Д.И. Фельдштейн “Құын оқушылар” 1972 ж, Душанбе
54. Д.И. Фельдштейн “Жасөспірімдерді тәрбиелеу психологиясы” 1978 ж, М
55. Л.М. Фридрих, К.Н. Волков “Мұғалімге- психология туралы” 1985 ж, М
56. Г. Шендельдер “Балалар құын болу керек пе?” 1982 ж, М
57. Е.В. Шорохова, О.И. Зотова “Ұжымның әлеуметтік-психологиялық климат” 1979 ж, М
58. В.В. Шпалковский “Әлеуметтік психология” 1978 ж, М
59. Д.Б. Элькин, Т.В. Драгунова “Кіші жасөспірімдердің жас және жеке бас ерекшеліктері” 1987 ж, М
60. П.О. Эфрусси “Мектептегі тәртіпсіздікті алдын алу” 1968 ж, М.